

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Галкино жалпы орта білім беру мектебі» КММ бойынша оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

**ақпарат**

2025-2026 оқу жылында Галкино ЖОББМ мектеп оқушыларын тамақтануын асхананы жалға алушы «Ақбота» жеке кәсіпкерлігі қамтамасыз етеді. Жыл басынан стандартқа сай бекітілген мәзір бойынша аспазшылар тамақ дайындайды. Мектеп бойынша жыл басынан бракераждық комиссия құрылды. Құрамында төрайым ретінде мектеп директорының міндетін атқарушы, мүшелерінде мектеп қызмекелерімен қатар қамқоршылық комитетінің төрайымы Аухадиева Б.Ж. бар.

Бракеражды комиссиясының құрамы:

1. Мектеп директорының м.а. - Нурсейтов Д.К.
2. ТІЖО - Нурханова А.Е.
3. Әлеуметтік педагог - Кульманова М.С.
4. Мектеп медбикесі - Акенова А.Е.
5. Қамқоршылық комитетінің төрағасы - Аухадиева Б.Ж.
6. Ата - аналар комитеті - Хуаныш Ч.
7. Ата - аналар комитеті - Нугтархан Р.

Жалпы мектеп бойынша оқушылар саны 97, оның ішінде жалпыға бірдей оқыту қорының тізіміне сәйкес - 28 (3 оқушы мектеп алды даярлық тобында) оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды, облыстық бюджеттен - 1-4 сыныптар 26 оқушы тегін ыстық тамақ алады. Қалған оқушылар ақылы тамақтанады, демеушілер - ата-аналар.

Ыстық тамақ екі апталық мәзірге сәйкес жасалған, мектеп медбикенің бақылауында. Дайын тағамның бір порцияға шығуы бойынша нормалар сақталады. Күнделікті мектеп медбикесі дайын өнімді дайындау және шығару процесін бақылайды.

Комиссия келесі бағыттар бойынша жалпы тексеру жүргізеді: тағамдардың нормалары мен калориялылығына сәйкес мәзірді қадағалау, тағамды дайындау технологиясын, тағамның шығуын қадағалау, ас блогының санитарлық жай – күйі, бөліктерді өлшеу, өнімдерді сақтау ережелері, температуралық режим, сапа журналын жүргізу, тәуліктің сынағалардың болуы, бангаларды таңбалау, бөліктің сәйкестігі туралы жұмыстар жүргізіледі. Асхана бойынша сыныптар уақытымен тамақтанады. Орын саны асханада – 36 орынды құрайды. Оқушылар 2 ауысымда тамақтанады.

**I ауысым**

| № | Уақыты      | Сыныптар                                                                             | Оқушылар саны |
|---|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| 1 | 10.25-10.40 | 0 “а”, 1 “а”, 1 “б”, 3 “а”, 4 “а” 4 “б”                                              | 29            |
| 2 | 11.25-11.40 | 5 “а”, 5 “б”, 6 “а”, 6 “б”, 7 “а”, 7 “б”, 8 “а”, 8 “б”, 9 “а”, 9 “б”, 10 “а”, 11 “а” | 15            |


**II ауысым**

| № | Уақыты      | Сыныптар     | Оқушылар саны |
|---|-------------|--------------|---------------|
| 1 | 14.05-14.20 | 2 “а”, 2 “б” | 10            |

Жалпыға бірдей оқыту қоры және облыстық бюджет бойынша тамақтанатын оқушылардың ай сайынғы асханадағы тамақтанулары кюар код (бизнес кошелек) арқылы белгіленіп, ауданға есеп беріледі.

Ата - аналармен және оқушылармен тамақтану жайлы сауалнамалар және сынып сағаттары жүргізіліп отырады. Мектеп медбикесі дұрыс тамақтану мәдениетін және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша дәрістер жүргізеді.

Мектеп директорының м.а.



Нурсейтов Д.К.